



РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ II

Қазіргі замандағы тенденциялар





Дәрістің мақсаты: қазіргі заман кезеңінің тенденциялары мен қауіптерін сипаттау.

Кілт сөздер: жаһандану, Аль-Каида, глобализация, Жасыл белдеу қозғалысы, антропоцен, жылыжай эффектісі, халықаралық бейүкіметтік ұйымдар, БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі, вето, экологиялық қауіп.

Біз атап өткендей, бүгінгі уақытқа жақындаған сайын уақыттың өзі тарихи нарративтер мен талдауға бағынышты болып барады. Біз қазіргі күннің бақылаушысы емеспіз, оның қатысушысымыз және біздің ағымдағы сәтті «тарихи пайымдауға» бағытталған әрбір ой бірден осы сәттің бөлігіне айналады. Гейзенберттің белгісіздік қағидасына сәйкес қазіргі уақытта біз өзіміздің уақыттағы өз жағдайымызды ұғына алмаймыз және өз қозғалысымыздың бағытын да анықтай алмаймыз.

Сондықтан осы соңғы дәрісте біз алысқа баратын ой тұжырымдардан өз-өзімізді ұстаймыз. Оның орнына біз қысқаша мүмкін сырттай болар адамзат баласының экономикалық, саяси мен экологиялық өлшемін анықтаған кейбір тенденциялар мен контртенденциялар бойынша сипаттап өтеміз.

Біріншіден, біз өзіміздің өмірімізде технологияның рөлі артқанына назар аударуымыз қажет. Қазіргі адамға компьютер мен интернеттің не екенін түсіндірудің қажеті жоқ. Атап өтерлігі, екеуінің де өз тарихы мен бастауы бар.

Компьютерлер белгілі болғандай, германдық «энигмамен» шифрланған шифрлерді оқуға мүмкіндік беретін «Тюринг бомбасы» сияқты соғыстың құрылымдарының тәжірибесінен шыққан. Соғыстан кейін американдық пен кеңестік ғалымдар «қырғиқабақ соғыстың» бірқатар міндеттерін шешуге бағытталған ірі есептеуіш машиналарды жасады. Вакуумдық лампалардың орнына транзисторлардың енгізілуі жеке қолданыстағы компьютерлердің пайда болуына жағдай жасады.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде америкалық және британдық ғалымдар неміс соғыс кодтарын бұзу мақсатында электронды калькулятор жасап шығарды. Келесі жиырма жылда, компьютерлік зерттеулер көптеген мақсаттар үшін, үлкен көлемдегі ақпаратты электрондық өңдеу, сақтау және тасымалдау мәселерін қамту саласында кеңейді. Алғашында компьютерлерді көбіне ғалымдар, үкіметтер мен ірі компаниялар қолданды. АҚШ пен Совет одағы оларды қырғиқабақ соғыста шайқасу үшін қолданды. Мысалы, АҚШ үкіметі Советтік әуе шабуылдарына қарсы қорғанысты ерте ескертуді дамыту мақсатында International Business Machines (IBM) компаниясымен келісімшартқа отырды. Совет бомбалаушыларын анықтауға арналған SAGE системасы, әрқайсысы 1 акр кеңістікті алатын, әртүрлі орындағы 48 компьютерді қамтыды. 1970 жылдары микрочип схемасы әртүрлі жаңа міндетті орындау мүмкіндігі бар әлдеқайда кішірек және анағұрлым қуатты компьютерлерді шығару мәселесін шешті.

«Эппл» компаниясының құрылтайшылары Стив Джобс пен Стивен Возняк бұл саладағы пионерлерге айналды. Олар 1976 жылы нарықта бірінші жеке компьютерді ұсынды. Олардан кейін Микрософт компаниясының негізін қалағандар Билл Гейтс пен Пол Аллен болды. Олар IBM компьютерлері үшін MS-DOS операциялық жүйесін ойлап тапты.

Осы қадамдардан бастап планетадағы компьютерлердің салтанатты таралымы орын алды. 2002 жылы миллиардыншы компьютер сатылды. Қазіргі уақытта әлемнің екі миллиард жеке компьютері бар.

Интернет, компьютер сияқты енді «қырғиқабақ соғыстың» нәтижесіне айналды. Американдық әскерилер мен ғалымдар интернет сияқты үлгімен 60-жылдары компьютерлер арасындағы ақпаратты алмасу үшін пайдаланды. 80-жылдардан протоинтернетті жаппай тұтыну өніміне: ethernet, алғашқы браузерлерге айналдырған технология пайда болды.

1970 жылдардың басында АҚШ Қорғаныс Департаменті түрлі орындарға орналасқан компьютерлерді байланыстыру жобасын бастады. Нәтижесі – ғылыми және әскери қызметкерлерге бір-бірінің компьютерлері арқылы қарым-қатынасуға мүмкіндік берген, «желілер желісі» интернет пайда болды. Осы технология дамыған сайын, оны барлығына қолжетімді ету мақсатында қоғамдық қысым да ұлғая түсті. Жүйенің құрылуына атсалысқан ғалымдардың бірі Радья Перлман 1980 жылдары хабарламалардың бір компьютерден екінші компьютерге таралу жолдарын жақсарту мақсатында жұмыс істей бастады да, «Интернет анасы» атанды.



Тим Бернерс-Ли мәлімет алмасуды анағұрлым жеңілдеткен WorldWideWeb-ті ойлап тапты. 1993 жылы Иллинойс университетінің инженерлері Mosaic – қарапайым қолданушылардың интернеттегі ақпарат үшін «қарау – browse» жеңіл қолдана алатын бағдарламаны таныстырды. Mosaic кейін пайда болған Netscape Navigator, Internet Explorer, Firefox және Google Chrome секілді браузерлер ұрпағына үлгі болды. 1996 жылға қарай қырық миллионнан аса адам интернетті қолданып, жеке парақшаларын ашты.

Әлемдік желінің дүниеге келуімен интернеттің өсуін «жарылысты» деп сипаттауға болады. Егер 1995 жылы интернетті пайдаланушылардың саны 16 миллион адамды, яғни планета халқының шамамен 0,4%-ын құраса, 20 жылдан кейін әлемде интернетті 3 миллиард 400 миллион адам, шамамен халықтың жартысы пайдаланды. Бұл 200 есе адам санының өсуі интернеттің планетада бірдей тарамға фактісін жасырып тұр. Мына айырмашылыққа қараңызшы: нарыққа интернеттің енуі Африкада 15 болса, солтүстік Америкада 80-ге дейін барады.

Адамзат баласы біртұтас болмаса, ортақ ақпараттық кеңістікке енеді. Бұл бірігу қоғамдық қатынастардың механизмдерін жеңілдетпеді, керісінше қиындатты. Ақпараттың елеулі бөлігі қолжетімді болды, ал ол өз кезегінде технологиялық дамуға үлкен қозғау болды. Екінші жағынан, барлығын осы тұрақты түрде өсуші ақпараттық салаға қосу автономдық өмір сүрудің мәнісі мен мүмкіндігі мәселесін, «жеке кеңістік» пен конфиденциалдық сияқты түсініктердің пайдалануы туралы мәселелерді өткір етіп қояды.

Технология алдымыздан терең құпияларын ашып, түсімізге кірмеген мүмкіндіктерді ашады. Бірақ ол осы мүмкіндіктерді кім пайдаланады? деген сұраққа жауап бермейді.

Адамның қызметін сипаттай отырып, қарама-қайшылықтар олардың алдындағы негізгі міндеттерді анықтайды. Сөзсіз қарама-қайшы болып соңғы 40 жылдағы жаһандық экономикалық саладағы тенденциялар болып табылады. Бір жағынан, алғашқы соғыстан кейінгі онжылдықтардағы сияқты әлемдік Жалпы ішкі өнім өсуін жалғастыруда, бірақ бұл өсу күрт секірістер мен құлдыраулардың есебінен үзілісті болып келеді.

1973 жылғы мұнай дағдарысымен соғыстан кейінгі әлемдік экономиканың тұрақты өсуінің соңы келді; 1978–1979 жж. мұнай дағдарысы тек көмірсутекпен қоректенетін индустриялардың әлсіздігін анықтап, алдыңғы дағдарыстың эффектісін бекітті.

70-жылдары Батыс Еуропаның экономикаларының даму қарқыны баяулады. Баяу бірақ үздіксіз экономикалық салмақ орталығының кезіндегі «дамушы мемлекеттерге» өтуі басталды. Мао Дзедунның өлімінен кейін Дэн Сяопинмен басталған либерализация бойынша реформалар Қытай экономикасын ХХІ ғасырдың басында басты әлемдік өнеркәсіптік өндірушіге айналдырды. 2014 жылы шынайы Қытайдың жалпы ішкі өнімінің көрсеткіші АҚШ-тан асып түсті. 70 жж. Қытайдың айналасында тұрақты түрде өсуші экономикалар – «Азиялық жолбарыстар»: Оңтүстік Корея, Гонконг, Тайвань мен Сингапур пайда болды. Олардың соңынан 90-жылдары «шөнжіктерге» (жолбарыстың баласы) айналғысы келген Вьетнам, Филиппин, Малайзия, Индонезия мен Таиланд ілесті. Өзінің бұрынғы метрополиясы – Ұлыбританияны сатып алу паритеті арқылы анықталған жалпы ішкі өнімі көрсеткішінде қуып жеткен Үндістанның экономикасы тез өсті. Жинақтап алғанда соңғы 35 жылда дамушы экономикалардың үлесі Жалпы ішкі өнімнің 35%-дан 60%-ға дейін өсті.

Қытайдың мысалы көрсеткендей, дамушы мемлекеттердегі экономикалық даму экономикалық либерализациямен қатар жүрді. Либерализация құбылысы жаһандық болып, тек Үшінші әлемге ғана қатысты болмады. Мысалы, маңызды оқиғаға Батыста билікке неолибералдық көзқарастары бар саясаткерлердің – Ұлыбританиядағы Маргарет Тэтчер мен АҚШ-тағы Рональд Рейганның келуі болды. Екеуі де экономикадағы мемлекеттің рөлін шектен тыс, салықтарды асыра сілтенген және бюрократияны тиімділігі аз деп есептеді; олардың саясатын қоғамдық қажеттіліктерге шығындарды азайту (және әскери шығындарды көбейту), баж салығы мен салықтардың төмендеуі деп сипаттады. Идеологиялық дискурсивтік деңгейде олар индивидуумның өз бақуаттылығы үшін жауапкершілігін атап өтті.

Рейган мен Тэтчер жүргізген неолибералдық саясат Еуропадағы әлеуметтік мемлекет институтына жиілеген шабуылдардың алғышартына айналды. Саясаткерлердің көп бөлігі еуропалық экономикалардың бәсекеге қабылеттілігін арттыру мақсатында әлеуметтік бағдарламаларды жартылай тоқтату туралы айта бастады.



АҚШ Президенті мен Ұлыбритания премьер-министрі мықты саяси одақ құрды. Олардың билікте сегіз жыл бойы әріптес болды. Олар өзара келісе отырып, негізінен неолиберал ішкі мәселелерді шешті, шетелдерде саяси қадамдар жасады.

Либерализмнің толық триумфын, соның ішінде экономикалық либерализмнің жеңісін сипаттауға КСРО-ның құлауы мен онымен байланысты геосаяси тәртіптің жоғалуы айналды. 70-жылдардың ортасынан жоспарлы кеңестік экономика стагнация кезеңіне өтті. Михаил Горбачев жасаған оны тірілту мақсатындағы ұмтылыстар дағдарысты одан әрі шиеленістірді. Экономикалық мәселелерге ұлттық кеңестік республикалардың оларға үлкен және шынайы егемендікті, келешекте тәуелсіздікті беру талаптары қосылды. Елді 70 жылдан астам уақыт басқарған партия заңдылығының бірқатар бөлігінен айырылды. Барлық 15 республиканың КСРО-дан біртіндеп шығуы кеңестік тәжірибеге тоқтау қойды және осы арқылы «қырғи-қабақ соғыстың» тағдырын анықтады. Жаңа мемлекеттер өздерінің капитализм үлгісін құруға кірісіп, кезінде партиялық номенклатураның бақылауында болған кәсіпорындарды приватизациялау процесін ұсынды.

Экономиканың жаһандық өсуі бай мен кедейлердің арасындағы алшақтықты жоймады. Керісінше, үзіліс әсіресе тұрақты түрде дамушы Азияның экономикалары мен АҚШ-тағы алшақтық соңғы 30 жылда елеулі артты. «Жаһандық солтүстік» пен «жаһандық оңтүстік» арасындағы алшақтық та үлкейді. Іс жүзінде бұл әлемде параллельдік шынайылық формалары бар дегенді білдіреді; бір жағында орташа статистикалық отбасы 2 автомобильге ие АҚШ-тағы мемлекеттер; екінші жағында орташа статистикалық тұрғын күніне 1500 каллорийден төмен тұтынатын Африкандық Рог елдері орналасқан. Мұндай жағдайда шамамен 800 миллион адам бар, тіпті, кейбір елдерде қарны аш адамдардың саны халықтың жарты бөлігінен асады.

Кеңес Одағының құлдырауы кезекті рет ұлтшылдықтың мобилизациялық формасын сипаттады. Ұлттық мемлекет әлемдік саясаттың ойыншысы болып табылады және болады да: ол біркелкілік саясатының бағдарын анықтайды, өткеннің тарихын жазады, болашақты жоспарлайды, паспорттар береді және планета бойынша қай көршіні салтанатты қабылдауды анықтайды. Сингапур мен Оңтүстік Кореяның азаматтары мәселен, жер шарының 198 мемлекетінің 165-іне визасыз немесе оны қабылдау елінің портында алып, саяхаттай алады.

Соғыстарда көрініс тапқан жаһандық зорлық та осы дипломатиялық мойындалмаған жаһандық бөліністі сипаттайды. Вьетнам, Ауған немесе Иран-Ирактық соғыстардан кейінгі адам өлімі қамтыған соғыстар азайды. Әдетте кедей мемлекеттердің аумағында орын алатын бұл соғыстар үлкен державалармен қауіпсіз «қашықтықтан» – алыс және орта қашықтықтағы зымырандармен, жаңа буын ұшақтармен жүргізіледі. Технологиялық құралдардың теңсіздігі әскери әрекеттердің ажырамас бөлігіне айналды. Найза мен пулеметтің қарсылығы өткенде қалмады, тек басқа формаға ие болды. Осы ракурста көз алдымызға изарияльдіктердің палестиндықтармен қақтығысы, американдықтардың Ирак пен Ауғанстандағы көптеген әскери құрылымдарымен және Йеменнің Революциялық комитетінің әскерлерімен саудиттердің қақтығысы келеді.

Бірақ соғыстар мемлекеттердің монополиялары болып табылмайды; баррикаданың басқа жағында жиі қазіргі уақытта әлемді терроризм өкілдері деп аталатын транс-ұлттық радикалдық революциялық ұйымдардың боевиктері орналасты. Аль-Каида мен ИГИЛ сияқты ұйымдар соңғы он жылдағы технологиялық революциялардан өздеріне елеулі пайда тапты. Интернет оларға өз әрекеттерін үйлестіретін құралдарды, идеологиялық бағдарламаларын таратуға және әлемдегі халықтардан өз қатарын толықтыруға мүмкіндік берді. Бұл топтардың да өз тамырлары бар. Дәстүрлі соғыстардағы сияқты терроризмде империалистік ізді, модернистік жобалардың сәтсіздігін және жаһандық экономикалық теңсіздікті көруге болады. Терроризммен күрес осы құрылымдық себептерді түсінуді білдіреді.

Ұйымдар әлемі

Саясаттанушы ғалымдар егеменді мемлекеттік жүйені анархияның «көшбасшының жоқ болуы» мағынасын білдіретін грек сөзінің негізгі шарты ретінде сипаттады, ал бұл – ешқандай



негізгі ортақ биліктің, дүниежүзілік мемлекеттің өздері бағынуға тиіс заңдардың шығармауын білдіреді. Алайда жаһандық қиыншылық мемлекеттерді бір-бірімен үлкен масштабта серіктестік етуге итермелейді. Олар бұл әрекетке жылдам өзгерістерді қадағалау үшін және де жаһандық тәртіпті талап ететін институттар мен мекемелерді құлдыраудан сақтап қалу үшін баруға мәжбүр. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінен бері халықаралық ұйымдар жүздеген есе көбейді. Осы мекемелер арқылы, егемен мемлекеттер келісілген ережелер жиынтығы мен процедуралар аясында ұжымдық қауіпсіздік, тарифтерді төмендету және байланыс желілерін нығайту секілді екі жақ үшін де тиімді мақсаттарға жету үшін бірлесіп жұмыс атқарады. Дегенмен жаһандық күрделілік, жаһандық тәртіп, тұрақтылық пен дәулеттілікті қамтамасыз ететін, одан да көп мөлшердегі трансұлттық ұйымдарды талап етті. Олардың жұмысы әдетте егемен мемлекеттерге өздерінің саясатын өзгерту немесе әрекеттеріне жауап беруін талап ету мақсатында қысым түсіруді көздейді.

Трансұлттық ұйым – белгілі бір қызметтер мен бағдарламаларды орындау мақсатында, мемлекеттік шегараларға қарамастан бірігіп жұмыс атқаратын жеке тұлғалар немесе топтар ассоциациясы.

Әрине, мәселе трансұлттық ұйымдар туралы қозғалғанда, адамдардың ақылына террористік ошақтар келмейді, қайта көп миллиардты корпорациялар, БҰҰ және оның ұйымдары келеді. Олардың саны соңғы 50 жылда 5-тен 40 мыңға өсті. Олардың ең ірілері – Ага Хан қоры, шегарасыз дәрігерлер, World Vision International миллиардтаған бюджетке ие және оң мыңдаған адамы бар. Олардың қазіргі әлемдегі маңыздылығы сөзсіз.

Әлемдік аренадағы ұлттық мемлекеттердің басымдығы жағдайында бейүкіметтік ұйымдардың артуы – сөзсіз қазіргі уақыттың айқындайтын тенденцияларының бірі. Әзірше мемлекет пен мемлекеттік емес құрылымдар арасында қарым-қатынастар қандай ережелер бойынша қалыптасатыны белгісіз. Мемлекет бейүкіметтік ұйымға өз ісіне араласуға рұқсат беруі мүмкін емес, сонымен қатар, ол өзі де бұл ұйымдардың қадамын қадағалап, күн тәртібін анықтап отыра алмайды. Олардың өзара әрекеттестігі тарихы бастапқы кезеңдерінде орналасқан және сол себепті интригаларға толы.

Халықаралық ұйымдар бізбетпе-бет келетін проблемалар жекелеген мемлекеттің аумағында ғана қалмайды деген қарапайым ойды сипаттайды. Кедейшілік, гендерлік тепе-теңсіздік, нәсілшілдік – дамыған мен дамушы мемлекеттерге тән планетарлық масштабтағы мәселелер болып табылады. Мемлекеттер, тілдер, діндер мен мәдениеттер арасындағы шегараға мән бермейтін фундаменталдық жаһандық проблема бұл қоршаған ортаның жағдайының нашарлауы болып отыр. Технологиялық жаңашылдықтар біздерге энергоресурстарды аз шығынсыз, тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Бірақ бұл энергияны тұтынудың артуына әкелуде. Продуктивизм ұлттық экономикалардың қағидасы болды және болып та отыр. Көпшілігі үшін мемлекеттің сәттілігі жалпы ішкі өнімнің өсуі және тұтынудың артуымен сипатталады.

Соңғы жылдары бірсыпыра эколог-ғалымдар таңғажайып идеяны мақұлдады: XIX ғасырдың бір кезеңінде дүниежүзі жаңа дәуірге аяқ басты, ал бұл дәуірде жер биосферасындағы өзгерістер баяу қозғалыстағы геологиялық немесе климаттық күштерден емес, адам қолынан туындады. 2000 жылы химик және Нобель сыйлығының лауреаты Пол Крутцен осы дәуірді сипаттайтын «Антропоцен» (грек тілінен аударғанда «антропо» – адам, «цен» – өзгеріс) терминін көпшілікке таратты. Оның пікірінше, антропоцен голоценді – біз соңғы 12 мың жылда өмір сүріп келген, Мұз дәуірінен кейінгі уақыт бөлігін алмастырады. Крутцен және оның әріптестері «Адам әрекетінің кең таралуы мен астарлы болғаны соншалық, олар табиғаттың ұлы күштерімен бәсекелес болды... Жер тез қарқында биологиялық алуан түрлілігі мен ну ормандары аз, әлдеқайда жылы, ылғал, әрі дауылды күйге өтуде», – деп жазған еді.

Экологияға біз көз жұмып қарай алмаймыз. Өзінен өзі жоқ болып кетпейтін жыл сайын шығатын жүз миллиондаған қоқыспен не істейтінімізді түсінуіміз қажет. Қоқысты көзден алып тастай отырып, біз қоқыстар өзімізге қандай да бір формада бумеранг болып қайтып келетінін ұмытамыз.

Жаһандық климаттық өзгерістердің перспективасы өткір түрде болып тұр. Көмірқышқыл газының деңгейінің өсуінен туындаған жылыну катастрофалық салдарларымен қауіпті: құрғақшылық, су басып кету, атмосфералық циклондар, жер бедеріндегі мұздың еруі сияқты. Бұл жақындағы келешектің шынайылықтары болып табылады.



Адамның қызметімен байланысты жаһандық жылыну голоцен кезеңін өткенін және антропоцен кезеңін орнағанын білдіреді. Оның негізгі сипаты адамның радикалдық тұрғыда қоршаған ортаны өзгерте алу мүмкіндігіне негізделген. Жаңа заманның адамы жердегі көптеген тірі организмдер сияқты жағдайларға бейімделмейді, керісінше өзі оларды өз қажеттіліктеріне бейімдейді.

Адаммен туындаған табиғи өзгерістер қазіргі уақытқа дейін бұрынырақ басталды: ауыл-шаруашылық революциядан, кейіннен өз қарқынын жылдамдатып, өнеркәсіптік төңкеріспен сипатталды. Бірақ салыстырмалы түрде жақында ғана XX ғасырдың ортасында біз биосфераны қалыптастыруда қандай рөлді ойнайтындығымызды түсіне бастадық. Бұл түйсінетін кез келген болса да, біз өз шығармашылық күштерімізді экологиялық тұрақты ортаны қалыптастыру мен қолдауға бағыттауымыз қажет. Кері болған жағдайда постапокалипсистық голливудтық блокбастерлердегі сценарийлер шынайы өмірге енуі мүмкін.

Адамдар мен жануарлар экологиялық апаттардан зардап шекті.

Әрине тарих мұнымен бітпейді. Бірақ бір жағынан тарих дегеніміз не? Ел, қоғам тарихы, емес, адамзат тарихы дегеніміз не? Терең метафизикаға бойламай, біз тарих сананың уақыттағы бағытталуы деп айта аламыз. Туылғаннан біз мағынаны іздеуге, адамзат баласы өзіне қоятын сұрақтарға жауап іздейміз.

Бұл жауаптар мен сұрақтар ортақ, ұжымдық қалыптасу сезімі қалыптасатын нарративтердің негізіне де алынады. Ертеде тарих «адам тектес жануарда» қайырымды мінез тәрбиешісі ретінде көрінді. Кейіннен Христиандық пен Ислам пайда болғаннан кейін тарих көпшілік үшін Қорқынышты сот пен күнәдан арылу үшін керек болды. Саяси күйзелістер мен экономикалық трансформацияларды қозғалтқан модернмен бірге тарих телеологиялық аяқталғандығынан құтылып, бақылаушылар алдында үздіксіз прогресс бейнесінде – азаматтық еркіндікке қозғалыс, мүліктік бақуаттылыққа жылжу және табиғаттың ұйымдаспаған күштерін бақылау сипатында болды.

Ал қазір ше? Біз қайдамыз және біз қандай тарихты жазамыз? Өз көзқарасымызды біз қайда бағыттауымыз керек? Біз бірінші орында қандай проблемалармен айналысуымыз керек? Өз шығармашылық қарқынымызды қайда бағыттауымыз керек? Олардың салдарларының жылдамдығы мен көлемін ескерер болсақ, біз бұл мәселелердің шешілуін болашақ монографиялар мен оқулықтардың авторларына қалдыра алмаймыз. Олай жасай алмай себебіміз бұл болашақ орнады және онда тарихи кезеңге дейін оралу үшін біз барлығымыз тарихшыларға айналуымыз қажет.

Сұрақтар

1. Компьютерлік салада қандай жаңашылдықтар пайда болды?
2. Дэн Сяопинның реформалары Қытай экономикасына қалай әсер етті?
3. Сіздің ойыңызша экологиялық қауіптің туындау себептері қандай?
4. Лаңкестік ұйымдардың зияны қандай болып жатыр?

Әдебиеттер

1. The Economist, Economist Intelligence Unit, «Democracy Index 2012,» <http://www.eiu.com>; Freedom House, «Freedom in the World 2013,» www.freedomhouse.org; World Democracy Audit, worldaudit.org.
2. United Nations Charter, Article 42.
3. Akira Iriya, Global Community: The Role of International Organizations in the Making of the Contemporary World (Berkeley: University of California Press, 2002), 8.
4. Joshua S. Goldstein, «Think Again: War,» Foreign Policy, Sept.–Oct. 2011, http://www.foreignpolicy.com/articles/2011/08/15/think_again_war?page=0,0.
5. «Iraqi Deaths from Violence, 2003–2011,» Iraq Body Count, [http:// www.iraqbodycount.org/](http://www.iraqbodycount.org/).



6. Will Steffen, Paul J. Crutzen, and John R. McNeill, «The Anthropocene: Are Humans Now Overwhelming the Great Forces of Nature?» *Ambio* 36, no. 8 (Dec. 2007): 614–621.
7. Fred Spier, *Big History and the Future of Humanity* (Malden, MA: Wiley-Blackwell, 2011), 187–88.
8. John Richards, «Land Transformation,» in *The Earth as Transformed by Human Action*, ed. B. L. Turner et al. (Cambridge: Cambridge University Press, 1990), 164.
9. Wangari Maathai, quoted in Nobel Women’s Initiative, «Meet the Laureates,» <http://nobelwomensinitiative.org/meet-the-laureates/wangari-maathai/>.
10. Wangari Maathai, quoted in *Los Angeles Times*, September 27, 2011.